



БІЛІМ ШЫҢЫ-

ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

№02 (88)
ақпан, 2023



WWW.BILIMSHINI.KZ



*НАРМУХАМЕДОВА Клара Балташовна,
Түркістан облысының адами әлеуетті
дамыту басқармасының Білім беруді
дамыту орталығы директорының
тәрбие жөніндегі орынбасары.*

**ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ**

БІЛІМ ШЫҒЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шығы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге! «Білім шығы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

Сіздерден құнды материалдар күтеміз!

Журнал лицензиясы - №15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал+Сертификат+Грамота



Аттестацияға 100% жарамды



Толық ақпарат үшін:
8778 625 20 78
8775 076 78 76



МӘЖІЛІС ПЕН МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ - ҚАЗАҚ ЕЛІ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСТАУЫ



*ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор*

Елдің болашағы халықтың таңдауына тікелей байланысты. Сондықтан да әр азамат еліміздегі саяси науқан болып саналатын сайлауға үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіс деп ойлаймын. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2023 жылғы 19 наурызда өтеді. Бұл сайлау бұрынғы сайлаулардан өзгеше болады. Елімізде жасампаздықпен жүргізіліп жатқан Конституциялық реформаның жалғасы болып табылатын осы сайлау мемлекеттік билік институттарын жаңғырту жұмыстарының қорытынды кезеңі екені белгілі. Бұл сайлау сонысымен де бағалы, сонысымен де жауапты. 2023 жылғы 26 қаңтарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының отырысында сөйлеген сөзінде «Мәжіліс пен мәслихат сайлауы жаңа әрі әділ ереже бойынша өтеді. Алдағы сайлауды Қазақстан парламентаризмі тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы деуге болады. Қоғамның түрлі өкілдерінің мүддесін партиялар арқылы қорғау мүмкіндігі артады. Мұның бәрі саяси жүйенің орнықты және тиімді болуын қамтамасыз етеді» деп атап өткен болатын. Бұрын Мәжілісте 107 депутат бар болатын. 98 депутат партиялық тізім бойынша, 9 депутат Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланатын. Қазір Мәжіліске Қазақстан халқы Ассамблеясынан депутат сайланбайды. Мәжілістің 98 депутатының 70 пайызы, яғни 69 депутат партиялық тізім арқылы, ал қалған 30 пайызы, яғни 29 депутат бір мандатты округтерден сайланады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихат депутаттары да аралас жүйе бойынша сайланады. Депутаттардың 50 пайызы бір мандаттық жүйе арқылы, 50 пайызы партиялық тізім бойынша өтеді. Аудан және облыстық маңызы бар қалалардағы мәслихат депутаттары бір мандатты округтер бойынша сайланады. Бұрын Сенаттың 15 депутатын Президент тағайындайтын. Қазір Президент

Сенаттың 10 депутатын, оның 5 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынуымен тағайындайды. Жалпы Парламент Сенатында 50 депутат қызмет атқарады. Еліміздегі сайлау жүйесіне көптеген өзгерістер енгізіліп, жетілдірілгені халқымыздың мүддесіне сай келеді. Сайлау бюллетеніне «бәріне қарсымын» деген баған енгізілген. Партиялардың Мәжіліске өтуіне қажетті дауыстың төменгі шегі 7-ден 5 пайызға дейін азайды. Депутаттық мандаттың 30 пайызын әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға бөлу заң жүзінде бекітілген. Басқа да көптеген өзгерістер әділеттілік жолын таңдаған Жаңа Қазақстанның жарқын көрінісі деп білемін. Мәжіліс пен мәслихат сайлауы - Қазақ Елі тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы. 2023 жылғы 18 ақпанда депутаттыққа үміткерлердің үгіт-насихат жұмыстары басталады. Олардың бағдарламаларымен, жоспарларымен танысу үшін бір ай уақыт жеткілікті деп ойлаймын. АМАНАТ партиясының Парламент Мәжілісі депутаттығына үміткерлерінің тізімінде бұрынғы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің де болғанын байқап, қуанып қалдым. Білім саласын биік деңгейге көтерген тұлға халық қалаулысы болса Қазақ Елі үшін көптеген пайдалы шешімдердің қабылдануына ықпал етеді деп сенеміз.

Сайлау – аса жауапты саяси науқан. Ел тарихындағы ерекше маңызды сайлау туралы ойларымды Президентіміздің керемет сөздерімен түйіндеуді жөн көрдім: «Біз бір ел, бір халық болып, Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Осы жолда түрлі сын-қатерді еңсеріп, көптеген маңызды міндетті бірге атқаруымыз керек.

Мен баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсене қатысуға шақырамын».

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



НАРМУХАМЕДОВА Клара Балташовна,
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Білім беруді дамыту орталығы директорының тәрбие жөніндегі орынбасары.

Әлемнің жарқын болашағы жайлы толғанатын әр адам ең алдымен жас ұрпақ тәрбиесі туралы ойланады. Әлемге әйгілі ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. «Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті» дейді. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ата-бабалар аманат еткен ұлан-ғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт. Кейінгі ұрпақ тәуелсіздігіміздің туын әрқашан жоғары ұстауы тиіс» деп атап өткен болатын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 16 тамызда өткен «Bilim және Gyulum!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде.

Мектептегі әр мұғалім күнделікті жұмысында осы қағидаларды басшылыққа алуы керек. Қазіргі кезде еліміздің тәрбие саласындағы көптеген мәселелер туралы ашық айтып, оны шешудің жолдарын қарастыру маңызды міндет екені белгілі. Заман ағымының үздіксіз дамуымен бірге адамдардың мінез-құлқы да күн сайын өзгеруде. Таңдауы да, талғамы да бөлек жастардың тәрбиесі қандай? Балаларына барлық жағдайды жасап бергісі келіп, табыс табу мақсатында тек сыртта жүретін ата-аналардың беріп жатқан тәрбиесі қандай? Қазіргі заманның жастары, өскелең ұрпақты қалай дұрыс жолға салуға болады? Осы мәселе туралы тереңнен ой қозғайтын уақыт келді деп ойлаймын. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді дана халқымыз. Ғасырлар бойы ұлттық тәрбиеміздің ұстыны болып келген осы мақалды

қазіргі кезде көптеген ата-аналар ескермейтін сияқты. Қазіргі таңда жастар өз бетімен, дәлірек айтқанда ғаламтор арқылы өмір сүруге дағдыланған. Олардың басты тәрбиелеуші құралы – ұялы телефондары. Сырластары да, мұндастары да сол. Бар мамықты астына төседім, бар тәттіні аузына салдым деп ойлайтын ата-ананың бар ойлайтыны – баласын ешкімнен кем қылмай өсіру. Бірақ, олардың кейде ескермей қалдырып қоятын дүниелері – балаларымен сырласпау, жеке қалмау, оларға уақыт бөлмеу, не істеп, не қойғандарынан хабардар болмау. Міне, басты проблемалық дүниеміз – осы. Жас кезінен бастап жасөспірімдердің бұзақылық әрекеттерге баруы немесе ерте кезінен ана атануы, қараусыз қалуы, барлық іштегі сырының айтылмай «жалғыз» қалуынан депрессияға ұшырап, өз-өзіне қол жұмсауы... Тізе берсек, жалғаса беретін ұзақ тізім. Бұл мәселенің шешімі бар ма? Әлбетте бар. Оны қалай шешуге болады? Мысалға алайық, бір түйінді шешудің екі түрлі жолы бар: бірі – қайшымен кино, екіншісі - сол түйінді қалай болса да қолмен шешіп алу. Бірі оңай, бірі – қиынырақ. Біз оңай жолын таңдай салып, жас өмірге балта шаба салып, келте қылмауымыз керек немесе екінші нұсқадағыдай түйінді қинап ашпауымыз керек. Біз о баста не түйінді болдырмауымыз керек немесе оның қатты түйінделуіне жол бермеуіміз керек. Бұдан шығатын қорытынды, баланы жастан дұрыс бағытта тәрбиелеу керек. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін кішкентайынан ұрыс арқылы емес, саналы түрде жеткізе білсе, бала соны сол қалпында қабылдайды. Ашулы түрде ұрыспен жеткізген сөзді баланың миы қабылдаған күнде де, ол ережені бұзса, депрессияға шалдығып, қателігін мойындауға қорқа бастайды. Бәрі осылай түйінделе-түйінделе үлкен шешілмес мәселеге айналады. «Жеті жасқа дейін баланды хандай күт, жеті жастан кейін құлыңдай жұмса, он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас» дейді. «Халық айтса, қалып айтпайды» деген. Көптің сөзінің жаны бар. Он бес

жас – жасөспірімнің жаңа дүниелерге елітіп, ешкімді тындағысы келмей, өзінің позициясын көрсеткісі келіп тұратын өтпелі кезеңінің бастау алар шағы. Демек, сол кезеңдерде балаға психологиялық қолдау керек. Ол кімнен болуы қажет? Әрине, ең біріншіден, баланың ата-анасы баланы қолдап, қолпаштап, досындай сырлас болып, тәрбиелей білуі керек. Оның жағдайын түсіне отырып, досы ретінде артықшылығы мен кемшіліктерін, қателіктерін емін-еркін айтып бере алса, ол барлығын сол кезден бастап түсіне бастайды. Егер оған ұрып-соғу арқылы түсіндіремін десеңіз, тек кері кеткеніңіз. Оның соңы жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай тек

құндылық күтеміз. Әр бала ананың аялы алақанының жылуын сезініп, әкенің мейірімін көріп өсуі керек. Заман талабы деп қымбат телефонға телміріп, балаларымыздың тәрбиесін осалдатып алдық па деп қорқамын. Керегі жоқ арзан әңгімеге әуес болғанша, халқымыздың, еліміздің болашағы болатын жастарымыз бен сәбилерімізге қолымыздан келгенше қамқорлық көрсетейік. Қазақ деген ұлтқа тән ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртайық, төл өнеріміз шешендік сөздерді қолдана отырып, рухани тәрбие беруге тырысайық. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демей ме дана халық. Ұрпақ тәрбиесіне сіз болып, біз болып көңіл аударайық. Ол үшін



қайғылы жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін. Жасөспірім бала – жаңа өсіп келе жатқан жас бұтақ. Оны қалай баптасаң, солай өседі, сондай жеміс береді. Сіздің әрбір жасаған қимылыңыз – сіздің берген тәрбиеніз екенін ұмытпаңыз. Бала – ата-анасының айнасы. Ата-ана қалай тәрбиелеп, қалай бағыттайды, бала солай қарай ұшады. Қазіргі уақыттағы ел тізгінін қолға ұстайтын, елдің болашағы мен келешегіне сара жол салатын жас ұрпақ тәрбиесінің осалдауы мені қатты қынжылтады. «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деп заңғар жазушымыз М.Әуезов тегін айтпаса керек. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге құрмет білдіруден қалып барамыз. Қазіргі жас ата-аналар бала тәрбиесін балабақша мен мектепке артып қойып, өздері сүттен ақ, судан тазамыз деп ойлайтын сияқты. Бала сәбилік шақта тал бесікте тербелмесе, құлағының құрышы қанатындай ана әлдінің даусын естімесе жастардан қандай рухани

жылылықтың бәрі отбасы тарапынан болатынын ұмытпайықшы. Жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге елімізде үлкен көңіл бөлініп, барлық жағдай жасалуда. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2023-2025 жылдары елімізде 842 мың оқушыға арналған 401 жайлы мектеп салу жоспарланып отыр. Жалпы жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 2,6 трлн. теңге бөлінді. Мұндай мектептер ауылда да, қалада да бірыңғай стандарт бойынша салынатын болады. Жастар тәрбиесі – Жаңа Қазақстанның жарқын болашағының кепілі. Жас ұрпаққа үлгі етіп ұсынар ұлы тұлғаларымыз көп. Данышпан Әл-Фараби, ұлы Абай, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы сияқты мақтанышпен айта алатын тұлғаларымызды санап тауыса алмаймыз. Қазақ Елінің тарихы – қалай мақтансақ та жарасатындай ғажайып тарих. Тек ұлы ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпаққа биік деңгейде жеткізуге ұмтылайық.

Кері байланыс пен рефлексия

["Сабақтарға байқағанымның" жалғасы]

ӘЛІМОВ Асхат,
*«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы Алматы қалалық филиалының
аға менеджері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.*

Біз қалайша үйренеміз? Ең алдымен, білетін адамдардан үйренеміз: олардың не және қалай жасау керектігін біліп, өзіміз солардың айтқанын өз қолымызбен жасаймыз, содан соң білетін адамдардың пікірін күтеміз: олар біздің қай жерде дұрыс, ал қай жерде бұрыс жасағанымызды көрсетіп, жұмысымызды қалай жақсарту керектігін айтып береді. Бұл – кері байланыс.

Осы кезде бізде қалай жұмыс жасағанымыз туралы түсінік пайда болады: «Е, мен (біз) мына жерді дұрыс жасаған екенмін ғой! Ал ана жерде мынандай қате жіберіппін! Енді оны былайша түзетейін!» деп. Осындай ой толғау арқылы біз өзіміздің жетістіктерімізді, кем-кетік кеткен тұстарымызды айқындап, өз әрекеттерімізді қалайша түзеп, жақсарту керектігін нақтылаймыз. Бұл – рефлексия, яғни өзіндік ой-толғаныс.

Демек, үйрену үшін біз осы екі әрекетті жүзеге асыруымыз қажет: алдымен білетін адамнан кері байланыс алып, содан кейін оның айтқандары (үйреткені) ауқымында ой-толғанысқа беріліп, өзіміздің қалай үйреніп жатқанымызды талдаймыз (дұрыс-бұрыс, нені және қалай жақсарту қажет тұрғысында), яғни рефлексиялаймыз.

Демек, үйрену үшін алдымен кері байланыс, содан кейін рефлексия қажет. Оқушылардың оқып-үйренуінде де осы екі ұғымның мәні зор. Әрбір оқу, үйрену әрекетін кері байланыс пен рефлексияға негіздеген дұрыс. Осы екеуі арқылы оқушы оқып-үйреніп, өз білгендерін толықтыра түседі.

Сабақтарда және ҚМЖ тексеруде байқағаным мынау: кейде мұғалімдер кері байланыс пен рефлексияны шатастырады екен. Сол себепті де мен осы екі мәселенің жігін ажыратып, кері байланыс пен рефлексияның ұқсастықтары мен айырмашылықтарына тоқталып кеткенді жөн көрдім.

Бірінші ұқсастық. Кері байланыс пен рефлексияның ең басты ұқсастығы мынау: бұл екеуі де бағалау құралдары. Яғни, «Бағалау дегеніміз

жақсарту» деген қағидаға сәйкес екеуі де оқушылардың оқуын, үйренуін жақсартуға бағытталады:

- кері байланыс білетін адамның (мұғалімнің) бағалауы (жетістіктер мен кедергілерді айқындап, қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныстар айту) негізінде болса,

- рефлексия өзін-өзі бағалау (өзінің оқу, үйрену әрекеттерінің қандай деңгейде болғандығын анықтау) ауқымында жүзеге асырылады.

Осы ерекшелік олардың бірінші айырмашылығын көрсетеді: екеуі де бағалау құралдары бола тұра, кері байланыс басқа біреудің (мәселен, оқушының немесе басқа мұғалімнің) әрекеттерін (атқарған жұмысын) бағалау болса, рефлексия өз әрекеттеріңді (жұмысыңды) бағалау.

Бұдан осы екі ұғымның екінші айырмашылығы туындайды: кері байланыс – диалог (өзгемен әңгіме), ал рефлексия – монолог (өзіңмен тілдесу).

Жалпылама алғанда, кері байланыс дегеніміз қандай да бір әрекетке не оқиғаға реакция жасау, жауап қату. Мысалы, оқушының үйрену әрекетіне (қойылған сұраққа берген жауабына немесе тапсырманы орындауына) мұғалімнің не басқа оқушының жақсарту үшін айтқан пікірі мен ұсынысы.

Кері байланыста объект - басқа адам, оның қимыл-әрекеттері, жасаған жұмысы, сөйлеген сөзі, көзқарасы мен түсінігі, мінез-құлқы. Кері байланыс - өзгенің әрекеттерін (жұмысын, т.б.) талдау және бағалау, оларды жақсартуға бағытталған ұсыныс жасау.

Біз өзіміздің қалай жасағанымызды шынайы бағалай алмаймыз, өйткені жұмысымызды тек бір жақты тұрғыдан көреміз және де біздің көруіміз үйреншікті болуы ықтимал: өзімізді қатал сынға алмай, ақталып не сылтау келтіруіміз ықтимал. Ал «Сырт көз – сыншы». Басқа біреу бізге жаңаша қарайды, оның түсініктері де өзгеше. Сондықтан да өз жұмысымыздың шынайы деңгейі мен сапасын

білгіміз келсек, - өзгелерден кері байланыс сұраған дұрыс. Кері байланысты «өз жұмысың туралы біреудің пікірін білу» деп те келтіруге болады. Өзге адам біздің жұмысымыздың плюстері мен минусарын көрсетіп, оларды қалайша түзетуге болатындығы туралы құнды мәлімет пен ұсыныстар беруі ықтимал.

Сол себепті де үйренгісі келетін, алға жылжығысы келетін адам кері байланысқа зәру, тіпті мұқтаж болады. Ол кез келген әрекет атқарған соң, ылғи да білетін адамдардың пікірін сұрайды, оларға мұқият құлақ салып, олардың ұсыныстарын ризашылықпен қабылдап, қалт жібермей орындайды.

Ал өз жұмысын өзгелерге көрсетпейтін немесе көрсетсе де, олардың пікірін мұрнын шүйіріп, қабылдамайтын («Өз ақылыңыз өзіңізге! Өзіңізді жөндеп алыңыз алдымен, маған ақыл айтқанша!» деп қасарысса немесе «Пәлі! Мен мұны сіз айтпасаңыз да білгенмін! Сіз айтпасаңыз да осылай жасайын дегенмін!» деген сыңайда жақтырмаса), өзін ақтап, тек сылтау айтатын адамдар өздерінің үйренгісі және ілгерілегісі келмейтіндерін көрсетеді осы арқылы.

Көп мұғалімдер айтылған сын мен ұсыныстарды өзін әшкерелеу деп түсінетін секілді. Курстарда олардың ҚМЖ-ларын тексеру барысында қандай да бір кем-кетік тұстарын атап, ұсыныс жасасаң, мұғалімдер ақтала бастайды, сылтау келтіре бастайды: «Иә, иә! Мен де дәл сіз айтқандай жасайын дегенмін, бірақ біздің мектеп директорының орынбасары «Олай емес, осылай жасау керек!» деп түйген еді...» немесе «Мен кеше бұл жоспарды дұрыс жаза алмадым, өйткені денсаулығым сыр беріп, өзімді нашар сезінген едім...» деп. Жалпылама алғанда, олар «Мен кінәлі емеспін оған!» деп өздерін қорғаштайды.

Бұдан шығатын қорытынды мынау: бұл мұғалімдер кері байланыстың үйренудегі зор маңызын жете түсінбейді, оны қалай қабылдау керектігін білмейді, ұсыныстарды өз жұмысын жақсарту үшін қолданудың орнына, оларды кемшілігін бетіне басу деп қабылдайды.

Кері байланыс алудың мүмкіншілігін қалт жібермейтін мұғалімдер өзгелерге қолқа салып, тіпті басын иіп өтінеді де: «Балжан апай, мен білемін: қазір сіздің сабағыңыз жоқ! Сондықтан да менің сабағыма кіріп, маған кері байланыс берсеңіз қайтеді?!» Қажет болған жағдайда, тіпті Балжан апайды өзгемен қызықтырады: «Сабағыма қатыссаңыз, - бүгінгі түскі ас менен болады!» деп (бұл – әзіл!).

Кері байланысқа деген мұқтаждық ондағы бағалау мен талдаудың тек жағымды сипатта болғанында ғана туындайды. Оқушы жұмысының тас-талқанын шығарсақ («Бәрі де нашар! Бір де бір дұрыс шешім жасамағансың! Сені де 8-сынып оқушысы дейді-ау! Менің 3-сыныпта оқитын ұлым бұл тапсырманы сенен жақсы орындайды!» деген сыңайда) немесе мұғалімнің сабағын жоқ қылып

жіберетін болсақ («Сабақта бір де бір жағымды әрекет қолданылмады! Бұлай сабақ өткізгенше, өткізбеген артық!» деп тіксініп), ондай талдаудың қажеті шамалы болып, керісінше, зияны көп болар. Ондай кері байланыстың оқушы мен мұғалімде ынта мен шабыт, құлшыныс пен ұмтылыс тудыруы екіталай. Ал бұларсыз (ынта мен шабыт, құлшыныс пен ұмтылыс) оқып-үйрену, алға ілгерілеу мүмкін еместігін өздеріңіз де жақсы білесіздер!

Ал жақсы, сапалы кері байланыстан кейін оны алушыларда қанат бітуі керек, олар шабыттанып, еңбекке деген қызығушылықтары еселеніп, екі білегін сыбанып, балақтарын түріп, жұмысқа бұрыннан да бетер құлшына кірісуі қажет. Ал бұл тек кері байланыстың позитивті болып, негізінен алғанда мына сұрақтарды қамту арқылы ғана жүзеге асырылады:

1. Не жақсы?
2. Нені жақсарту керек?
3. Қалай?

Назар аударсаңыздар, мұнда екі тірек сөз де «жақсы» деген түбірден құралған. Демек, кері байланыста бәрі де жағымды болуы керек: алдымен жұмыстың ұтымды тұстарын келтіріп, оны мақтап аламыз, одан кейін жұмыстың кем-кетіктерін атап, оларды қалайша түзетуге болатындығы туралы ұсыныстар келтіреміз. Осы арқылы оқушы (немесе мұғалім) өзіне берілген кері байланыстың пайдалы әрі қажет екендігін түсінуі керек: «Е, мен мынаны дұрыс жасаған екенмін ғой! Ал мына жерін былайша түзетсем, онда жұмысым тіпті жақсарып кетеді екен ғой!» деп.

Кері байланыстың тамаша үлгісі бәрімізге мәлім «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» атты тәсілде берілген: алдымен талданатын (бағаланатын) жұмыстың екі мықты, сәтті жақтары туралы мақтау айтамыз, содан кейін оны бұдан да бетер жақсарту туралы ұсыныс айтамыз. Мұнда жұмыстағы қате, олқылық пен кем-кетіктің өзін келтірмей-ақ, оны түзету жолдарын айтсақ та жеткілікті.

Ұсыныстың орнына «тілек» деген сөзді қолданудың қисыны жоқ секілді, өйткені ондай жағдайда кері байланыс жұмысты жақсартуға болатын нақты құрал не амалдарды ұсынбай, жалпылама жылы-жұмсақ сөздер айтумен шектелуі ықтимал: «Келесі жолы бұдан да жақсы жаса! Талаптан, оқы-тоқы! Көбірек ізден! Қате жібермеуге тырыс!» деген секілді. Әрине, мұндай тілектер әмбебап мағынада болып, оларды кез келген жағдайда қолдануға болады, бірақ олар нақты осы жұмысты жақсартуға бағытталмайды.

Немесе, басқаша сөзбен айтқанда, кері байланыста талданған жұмыс бойынша мына 3 мәселені (сол баяғы қалыптастырушы бағалаудың 3 негізгі сұрағы аясында) анықтау қажет:

1. Жетістіктер,
2. Кедергілер,
3. Шешу/жақсарту жолдары.

Әлімовтың парақшасынан



ЖАМБЫЛ

– ЖЫРДЫҢ БҰЛАҒЫ

ЕРЖІГІТ Айгүл Үсенқызы,
*Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы*

Әрбір халықтың, елдің әдебиетінде, тарихында тұтас бір ғасырды кеудесіне сыйдырған ұлы есімдер болады. Халықтың өз ортасынан шығып, елінің көрген қиындығы мен бақытқа кенелген кездеріне де куә болған тұлғалар, ақындар өткен. Олардың халық ықыласына бөленуі де сол – қай кезде де елімен бірге болуында.

Жамбылдың ақындық өнерге келуі туралы айтқанда, әкесі Жабай батырдың әу баста ұлына қарсы болғаны белгілі. Ата жолын қуып батыр болмай, қолына домбыра ұстап өлең-жыр айтып жүргені әкесіне ұнай қоймайды. Алайда, құдай берген талант Жамбылды жыр айтқызыдырмай қоймайды. Жамбыл бала күнінен-ақ ел ішіндегі жыр-дастанға құмар боп өседі. Ақынның нағашы ағасы Қанадан қобыз да, домбыра да тартады екен. Жамбыл одан домбыра үйренеді. Әкесінің қарсылығына қарамай, елден естіген өлең-жырларын, дастандарын той-жиындарда айтып жүреді. Ел аузына ілінген шақтардың бірінде атақты Сүйінбаймен кездесіп, батасын алады.

Сапарғали Бегалиннің айтуынша Жамбылдың ақындық өнері туралы ең алғашқы болып баспасөз бетіне жазған 1924 жылғы жеке кітап болып шыққан «Терме» журналы екен. 1920-1923 жылдарда Жетісу, Сырдария облыстарында қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдерінің халық ауыз әдебиеті мұраларын зерттеу, жинау, көзі тірі ақындармен кездесіп, жырларын хатқа түсіру мәселесі бұған себеп болады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен айналысқан зерттеушілердің бірі Шамғали Сарыбаев сөзін былай деп бастайды:

«Жетісу ақындарының ішінде жасы 70-ке келген белгілі арқалы ақын Жамбыл Жапаұлы бар. Бұл ақын құйындатып айтқанда бөгелместен «Көрұғлы Сұлтанды» 15 күн жырлайды» - деп Жамбылдың ең бір сүйіп айтатын дастаны туралы жазады. Жамбыл туралы ең алғаш баспасөз бетінде сөз болуы оның бүкіл қазақ еліне, онан әрі әлемді тәнті етуіне алғашқы жол еді.

Жамбыл Жабаеттың ақындық өнері туралы айтқанда, оның ізін алған ақын шәкірттері жайлы айтпай кетуге болмайды. Өйткені, Жамбыл шығармашылығының бір қайнары осы ақын шәкірттеріне барып құяды. Жамбыл жырынан нәр

алған, оны өзіне ұстаз тұтқан ақындардың қай-қайсысының өлеңдерін алып қарасақ та, Жамбыл салған сара жолды көреміз.

Жамбылдың ақын шәкірттерінің әрқайсысы да жеке-жеке зерттеуді қажет етеді. Жамбыл шәкірттерінің ішінен өткір, ойнақы жырларды қолма-қол шығаратын (мұнысы Жамбылдың жас кезін еске түсіреді) Үмбетәлі ақын болса, Жамбылдың тарихи жырлар мен сюжетті поэмалар жасау дәстүрін жалғастырушы Өтеп пен Саяділ секілді ақындарды айтуға болады.

Жамбыл Жабает өзінен кейінгі буын – шәкірттеріне үлкен мектеп болғаны белгілі. Ақынның ізін жалғаған шәкіртінің бірі Кенен Әзірбаев Жамбылмен алғашқы кездесуі туралы былай деп толғайды: «Мен Жамбылды бірінші рет қырғыз елінде көрдім. Керімсаз жайлауында бір үлкен аста арғы жағынан қырғыз, бергі тұстан қазақ ат құрғатпай келіп жатты. Ас аралатып отырып жырланған «Көроғлы» мен «Манастар» таңға созылды. Оны өзі «Әр жерінен үзіп айтып отырмын» деді... Міне, мен Жамбылды нақ осы тұста өзге ақындардан ерекше сезіндім».

Кенен Әзірбаевтың айтуынша Жамбыл әркез шәкірттеріне жер-судың ел ырысы болғанын, өлең-жырдың соған арналуы керек екенін еске салып отырған.

Жамбылдың шәкірттеріне үйреткен үлкен бір өнегесі – бай-манаптардың алдында жағымпазданбай, тайсақтамай, тура сөйлеу. Қай кезде де елдің, халықтың мүддесін биік қою. Ақынның түртүрі болады десек, Жамбыл ат-шапанға өлеңін сататын ақындарды «Бір сөзін мың сатқан сорлы немелер» деп айтады екен.

Бірде Жамбыл мен Кенен бір тойдан сыбағасыз, құр қол қайтады. Сонда Кенен Жамбылды ренжіп келеді деп ойлайды. Ал қарт ақын Кененге:

«Құдай сүйер қылығымыз» жоқ, сен де, мен де түскен жерімізді тотыяйындай күйдіреміз. Сол үшін байлар қол тарлық етеді. Олар солай істегенімен, халық біз туралы әрқашан да айтып жүрер», - дейді. Бұл да Жамбыл ақынның ұлылығын, халқының алдындағы шынайы перзенттік махаббатын көрсетсе керек. Бүгінгі жастарға үлгі аларлық нағыз керекті қасиет, мінез, құндылық осындай болса керек.

Жамбыл Жабаеттың ақындық өнерінің ішіндегі шоқтығы биік жырлары – айтыс өлеңдері. Ақынның айтыстары туралы айтқанда жүз жыл ғұмыр кешкен Жамбылда нешеме жүз жылдар өнерінің қайнар бұлағы бар екенін айта кету керек. Жамбыл қазақтың халық ауыз әдебиетіне қанып өсіп, ел арасына тараған талай дастан, жырларды жатқа білген. Айтыскер ақынға керекті қасиеттер: суырыпсалмалық, өр мінез, халыққа жанашырлық, өткен тарихты жатқа білу – мұның бәрі де Жамбылдың өн бойынан табылған. Алқалы топта қолына домбырасын алып сөз бастағанда жалынды жырлар, жүйелі сөздер түйдек-түйдегімен сауылдап келіп төгіле берген, төгіле берген. Қаршадайынан айтыстың арғымағының жалына жабысқан Жамбыл, есейе келе ұшқыр шабыт пен ұтымды да терең ойға әбден беркінеді. Мұхтар Әуезов айтқандай: «Айтыста да шешендік өнердегідей жеңіс тағдырын кімнің ұзақ жырлап, ажарлы сөйлегені емес, жұлыннан тиер жүйелі ой, тапқыр сөз шешетін-ді»...

Жамбылдың атын алты алашқа мәлім еткен – Құлмамбетпен айтысы. Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысы төкпе поэзияның теңдесі жоқ биік үлгісі болып табылады. Жамбылдың оған дейінгі айтыстары осындай алқалы айтысқа апарар дайындық айтыстары секілді еді.

Құлмамбет Жетісуға атағы жайылған, айтысқан ақынын азулы жырымен бет қаратпаған атақты ақын болған. Жамбыл Құлмамбетпен той, астарда қатар өлең айтып жүрсе де, айтысудың орайы түспей жүреді. Қалайда бір айтысуды ойлап жүреді. Осы кезде Жетісуда Іле бойында үлкен бір жиын өтеді. Көптеген ақындар жиналып, айтысады. Жамбыл Құлмамбеттің бетінен, әрі он шақты ақынды жеңген екпінінен қорғалап қашқақтап жүреді. Жамбыл сыртта кірмей тұрғанда Құлмамбеттің:

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды,
Ақын болса қайда жүр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.
Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға,
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға, -

деп өлеңдеткен сөздерін естиді. Осы сөз сүйегінен өтіп кеткен Жамбыл Құлмамбеттің алдына келіп отыра қалады. Айтыста Құлмамбет Жамбылға өз елі Албанның байлығын, көптігін айтып мақтанады:

Болғанда жол ағадан, тон - жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан, -
деп Жамбылдың екпінін басып тастағысы келеді.

Алайда Жамбыл өзінің халық жағында екенін білдіріп:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап шалықпай жөніңе қайт, -

деп бір тойтарыс береді де, халық үшін шыбын жанын пида еткен Сұраншы мен Саурықтың батырлығын жырлайды. Олардың жау қолынан бекер өлмегенін, ел үшін шейіт боп өлгенін жырға қосады. Батырлардың ерлігін айтқанда отырған жұрт Жамбылға риза болып қалысады.

Айтыс қыза берген бір сәтте Құлмамбеттің домбырасының ішегі үзіліп кетіп, енді домбыраның ішегін жалғағанша күтеміз бе деп Жамбыл жағындағы халық «Жамбыл жеңді» деп орындарынан тұрып-тұрып кетеді. Бұл туралы Сапарғали Бегалин өзінің Жамбыл туралы «Жыр жолы» атты зерттеу мақаласында айтып өтеді. Бұл айтыста Жамбылдың жеңуі дүйім Жетісуға тарап, ақынның атағын аспандатады. Бұл айтыс шамамен 1896 жылы өткен.

Жамбылдың айтыстағы жырларынан оның сұлулық, жастық атаулыға көзі жұмылғанша ынтық, ғашық болғанын байқауға болады.

Нұрилла мен Айкүміспен айтысында ол былай дейді:

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп.
Арыны басылмаған арсыз көңіл,
Тағы да етіп отыр сізден үміт...

Ақынның бұл жыр жолдарынан оның өмірге деген іңкәрлігін, жастарды жақсы көргенін, жаны сергек те таза адам болғанын көреміз. Ол өзге де арқалы ақындар секілді сұлулыққа тез әсерленетін ұшқыр шабыт иесі болған. Оның бұл қасиетін Әбдіжәміл Нұрпейісов өзінің «Өн бойы тола өлең-жыр» атты мақаласында «ақтық сағатына дейін ғашықтықты жырлап өткен ұлы Гетені еске түсіреді» деп жазады.

Жамбыл айтыстарындағы келелі мәселенің бірі, алдағы уақытта зерттеуді қажет ететіні – оның текстологиясы. Ғалым Есмағамбет Ысмайылов өзінің «Қазына» деп аталатын мақаласында Жамбылдың Құлмамбетпен айтысының екі нұсқасының сақталғанын, оның біреуі 1932 жылы Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті нұсқалары» жинағына басып шығарғаны, ал екінші нұсқасы 1938 жылы Кенен Әзірбаевтан жазып алған нұсқасы екенін жазады. Алайда Жамбылдың көзі тірісінде, ақындар жиналып отырған бір жиында өзіне оқып бергенде «Көп жері бүлінген екен, Медеу байды мақтаған жоқ едім, бұл сөз менікі болып кіріп кетіпті. Енді, шырақтарым, осы айтысты Үмбетәлі екеуімізден жайланып отырып қайта жазып алыңдар», - дейді. Жамбыл халық ақыны, халықтың мұң-мұқтажын, күйініш-сүйінішін жырлаған ақын болғандықтан, жырларының өзгеріске ұшырауына жол берілмеуі тиіс деп есептейміз.

Әрбір өнер иесі өз халқын, халқының даңқын Жамбылдай сүйе алса, оны әлемге әсем жырмен жая алса, ана сүтін, халық қарызын одан артық ақтау болмас еді.

ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР – САПАЛЫ ОҚУ КЕПІЛІ

ЖОРАБЕКОВА Гульнур Абдукадыровна,
Ж. Тәшенов университетінің 7м01301-Бастауыш оқыту
педагогикасы мен әдістемесі білім беру
бағдарламасының 2-курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: БАЙБЕКОВА Мадина Махмудхановна, п.с.ғ.к.,
қауымдастырылған проф.м.а, Ж. Тәшенов университеті.
«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Еліміздің көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі кезде білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдер өмірге келді. Бастауыш сынып пәндерін табысты оқыту ұстаздың кәсіби тәжірибесі мен құзыретіне байланысты болады.

Табысты оқу – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс. Табысты оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланысты. Табысты мұғалім білім алушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін «реттеп» отырады. Сонымен қатар сапалы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Себебі, оқытудағы сындарлы тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, білім алушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Білім алушы мұндай жауапкершілікті көбінесе сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Расында, оқытудың сапалы және табысты болуы белгілі бір деңгейде мұғалімнің қалыптасып отырған жағдайларға бейімделе алуына да байланысты. Мұғалім алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды, тілдерді меңгеру, оларды тиімді қолдану міндеті тұр.

Бастауыш сыныптардағы бүгінгі күннің өзекті

мәселелерінің бірі әдіс-тәсілдерді білім алушылардың жас ерекшеліктерін, қабылдауларын ескере отырып қолдану болып табылады. Ойын түріндегі әдіс-тәсілдер балалардың белсенділіктерін арттырады, берілген проблеманың шешу жолдарын шапшаң табады. Балалар осы сабақтағы қажетті дүниені меңгереді.

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асады.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», — деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мектеп жұмысы мен оқушылардың жетістіктерін көрсетуде маңызды рөл атқаратын ұстаз. Мұғалімнің шығармашылық белсенділігі ең алдымен өзінің өткізген сабағынан, іс-әрекеттерінен көрініс табады. Әрине, алға жылжу үшін, алған мәліметтер мен істеген жұмыстарды саралап, қорытындылап, бағалау керек. Бүгінгі сабақта болған жетістіктерін білім алушыларға түсіндіре отырып, сабақтың өн бойындағы оқушыларға қиын болған тұстарын меңгертуден келесі сабақты бастауы қажет.

Міне, осындай әр сабақтың бір-бірімен байланысы болған жағдайда, қосымша саралау тапсырмаларын ескеріп отырғанда ғана біз білім алушылардың білім деңгейін арттыра аламыз. Бастауыш сыныптарда қолданылған әдіс-тәсілдердің нәтижесінде мұғалім балалармен адамгершілік қатынас қағидасын іске асырады, сыныптағы әрбір оқушының жеке қабілеттері мен шығармашылық қабілеттерін аңғарады. Баланың жеке қасиетін аша отырып, оның танымдық қабілетін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасап отырады. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдістерін дұрыс таңдай отырып жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бала бойында тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын қалыптастыра отырып дамыту болып табылады.

Сабақ барысында әдіс-тәсілдерді пайдалану білім алушының бойында өз-өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап бой түзеуге ұмтылады, өзін-өзі бағалауы жоғарылайды, өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады, әрбір іс-әрекеттерін шынайы бағалауға дағдыланады. Ал бұл келешекте өз өмірлерінің жақсы жағынан қалыптасуына әсер етеді. Келіспеген жерлеріне «уәж» айтуда баланың бойында өзіндік «менін» қалыптастырады. Бала өз ойын ортаға салуды үйренеді. Сондықтан да қазіргі таңда әр ұстаздың алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Оқыту процесінде пайдаланылып отырған әртүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялар өз нәтижелерін беретіні сөзсіз.

Мемлекетіміздің әрбір білім алушысының сауаттылығы, дүниетанымының байлығы, адами

қасиеттерінің жоғары болуы Отанымыздың өсіп-өркендеуіне үлесін қосатын азаматтарды оқытып тәрбиелеудегі басты тұлға – Мұғалімге байланысты. Сондықтан да жастайынан бала бойына білім мен тәрбиенің, ізгіліктің дәнін себе білу қажет. Қазақстанның жарқын болашағы, бүгінгі білім нәрімен сусындаған жастардың қолында, олай болса осы жастарға білім беріп отырған Ұстаздар қауымының жұмысы толағай табыстарға толы болсын, әрбір ұшырған шәкірті Абай атамыз «Сенде бір кірпіш дүниеде, кетігін тап та бар қалан» деп айтқанындай өз орнын таба білсе, бұл мұғалімінің заман ағымына сай еңбектенуінің арқасы деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова. Педагогика. Оқу құралы. Алматы, 2004
2. Жаңартылған бағдарлама. Астана, 2016

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА МӘТІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ЖЕТІЛДІРУ



МЫНЖАСАРОВА Сауле Казнабаевна,
*А.Үсенов атындағы жалпы орта мектебінің директоры,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Сауран ауданы*

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Тілдің арқасында біреуді-біреу танып, бір халық екінші көрші халықты біліседі» деген сөзінде үлкен мән бар. Қазіргі таңдағы тіл саясатының басым бағыттарының бірі мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданылу аясын кеңейту, тәуелсіз мемлекетімізге адал қызмет ететін, мемлекеттік тілді жетік меңгерген оқушыларды тәрбиелеу болып табылады. Оқушылар тек білім алумен, әдет-дағдылармен шектелмеуі тиіс, оларға дербес ізденуге, талдауға, ақпаратты тиімді пайдалануға жан-жақты бағыт беру керек. Мектеп бағдарламасында пән негіздерін меңгеру мәтінмен таныстықтан басталады. Оқушы мәтінмен танысады, түсінеді, түсіндіреді, талдайды, талқылайды, мәтінмен жұмыс жасау барысында сөйлеу мен ойлау дағдысын дамытады, сөздік қорын молайтады, танымдық қабілетін арттырады, дүниетанымын кеңейтеді.

Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты. Басты мақсатымыз - оқушыларды сөздік қорын молайтып, сөздерді дұрыстап айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге, оқығанын, көргенін, естігенін

қысқаша әңгімелеп бере білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тілін құрметтеуге, Отанды сүйуге баулу.

Тіл мен әдебиет сабақтарында осы бірлікті оқу үдерісінде жүзеге асырудың ең тиімді жолы - мәтін арқылы оқытуда оқу стратегияларын ұтымды қолдану. Сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім бөліктері секілді қатар жүргізілетін жұмыстар оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениеттерін жетілдірудің қайнар көзі болып саналады. Мәтін - «байланысу, бірігу» деген мағынаны білдіретін сөз. Ол сөйлегенде, жазғанда пайда болады да, қажетті біртұтас ойды білдіреді. Мәтін сөздерден, сөйлемдерден, абзацтардан тұрады. Мәтін әртүрлі мазмұнға құрылады. Онда оқиғалар хабарланады, баяндалады, әңгімеленеді, құбылыстар сипатталады, суреттеледі. Мәтінге газет-журнал материалдары, өлең шумақтары, оқулықтағы ережелер және әртүрлі тақырыптағы сөйлесулер жатады. Оқушылардың сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде олардың қазақ тілінен білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары

жетілдіріледі.

Мәтінмен жұмыс барысында оқушылардың өз бетінше ақпарат алып, онымен жұмыс істеу дағдылары дамып, қазақ тілі бойынша білімдері толығымен түсері сөзсіз.

Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген игі көзқарасын қалыптастыру үшін қазақ елінің сан ғасырлық мәдениетінен, салт-дәстүрінен, ұлттық құндылықтарынан танымдық ақпараттар беретін қарапайым әрі ұғынуға жеңіл тілмен жазылған шағын мәтіндер және түрлі дидактикалық материалдарды жаттықтыру жұмыстары кезінде пайдалана білу тіл үйретушіден үлкен шеберлікті талап етеді.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі - сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар: дыбыстармен жұмыс, сөздіктермен жұмыс, сөздік қорларын жетілдіру, тіл дамыту, ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Мәтінмен жұмыс істеу мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс;
2. Мәтінмен жұмыс кезеңі;
3. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

Мәтін алдындағы жаттығулар мен соған сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, т.б.) меңгерту.

Келесі мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы орындалады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, айыра білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау қажет. Мәтінмен жұмысты мен былайша ұйымдастырамын: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар жасау, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі, жанама ойды таптыру, қорытынды жасау. Шартты түрде алып отырған үшінші кезеңде мәтінді оқып, түсініп, негізгі ойды қазақ тілінде жеткізе білу.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыстар:

1. Логикалық сұрақтар;
2. Сөздік жұмыстар;
3. Фонетикалық жаттығулар;
4. Сөйлем құру;
5. Мәтінге жоспар құру;
6. Аударма;
7. Мәтінге ат қою;
8. Диалог, ситуация құру;
9. Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айту.

Осы аталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруда оқушылар өзара тілдік қарым-қатынасқа түседі. Мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолдану мұғалімнің жеке зерттеушілік жұмыстары үшін өте пайдалы:

1. Дауыстап оқыту арқылы оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады.

2. Іштей оқу - бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы, оқушыларға іштей шапшаң оқу үшін бір мәтін беріліп, қай жерге дейін оқу керектігі белгіленеді. Әркім белгіленген жерге келгенде кітаптарын жауып, бітіргенін байқатады. Осылайша оқушылардың оқу шапшаңдықтарының мөлшерін өзім белгілеп отырамын.

3. Мәтінді мағынасына қарай бөлуге арналған жаттығулар. Мәтінді оқып, оны мағынасына бөліп, әрбіреуіне тақырып ойластыру, мәтінді оқып, мағынасын ашатын сұрақтар оқу.

4. Мәтінде мағыналы тірек сөздерді анықтауға арналған жаттығулар. Абзацтарды оқып, сөйлемдердегі негізгі ойды анықтау, абзацтардан сөз таптарын тауып айтқызу.

Тіл дамытудағы өнімді тәсілдердің бірі - шығармашылық тапсырмалар.

Мұндай тапсырмалар тіл мәдениеті талаптарын жүзеге асыруда аса тиімді.

Оның түрлері:

- сурет бойынша әңгіме құрастыру;
- шығарма оқу;
- сайыс, рөлдік ойындарға қатыстыру;
- әркімнің қабілетіне қарай деңгейлік жеке тапсырмалар беру;
- сөзжұмбақтар құрастыру;
- балаларға арналған басылымдардағы сөзжұмбақ, ребустарды шешкізу;
- жұмбақтар құрастыру;
- хат жаздыру.

Мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруда «Ашық сұрақтар», «Сұрақ қою, қайта сұрақ қою» әдістерін қолдану оқушының өз бетінше ақпаратты меңгеріп, мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамытады, оқушы мәтінге сұрақ қою, тұжырымдау, белгілеуге үйренеді. Бұл әдіс оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен мәтінді қатесіз, түсініп оқуға тырысады, сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тындап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

«Ойлан. Бөліс. Бірік» әдісі арқылы оқушылар өз тобында өзіне берілген мәтінмен танысып, топ ішінде түсініктерімен бөлісіп, бір-біріне түсіндіреді, ең негізгі деген ақпаратты бөлік мазмұнына қарай постерлерге түсіріп, топтардың алдында алған ақпараттарымен таныстырады. Осы әдіспен оқушылар мәтінмен өз бетінше таныса отырып мәлімет алады, топта талқылау ұйымдастырылады. Жұмыс аяқталған кезде мәтін бойынша сұрақтарын қойып, жауаптар алады. Осы тұста мәтіннің әсерлі тұстары бойынша диалог құрастыру тапсырмасын

да беруге болады.

Мәтіннің мазмұнын игертудегі жұмыста «Біреуі - үйде, үшеуі - қонақта» әдісін қолданамын. Оқушылар белгіленген уақыт ішінде өздеріне берілген мәтінмен танысып, топ ішінде бір-біріне түсіндіріп, басқа топтарға барып түсіндіріп, мәтін мазмұнын игереді.

Сабақтың бекіту кезеңінде оқушылардың мәтін бойынша түсініктерін бекіту әрі байқау үшін «Атыспақ» әдісін қолданамын. Әр топ өздері оқып танысқан мәтін бөліктері бойынша үш-төрт сұрақтан дайындап, кезекпен сұрақтарымен атысады. Жауап болмаған жағдайда сұрақ қоюшы жауабын өзі айтып отырады. Бұл әдістер ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сондай-ақ, әдістердің тиімділігі - сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну, оны

түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі, креативті ойлауы дамиды.

Мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушының танымдылық қабілеттері, танымдық процестері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Бұл стратегиялар сабақты түрлендіріп өткізуге мүмкіндік туғызумен қатар әр баладан еркін жауап алуға, баланың өзіне сенімділігін арттыруға, бір-бірінің және өзінің жұмысына баға беріп, сын көзбен қарауға мүмкіндік береді, сабақ үстіндегі оқушы қызығушылығын тудырып, белсенділігін арттырады. Ұстаздың басты мақсаты - шәкіртінің өзінен де білімі терең, дәрежесінің биік болуы. Сол кезде ғана қоғамда алға жылжу үрдісі жүреді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖОСПАРЛАУ МЕН САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

**БЕГАЛИЕВА Бибигуль Жанаталиевна,
Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-экономикалық
колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі, филология магистрі.
Шымкент қаласы**



Қазақстан Республикасының мемлекет ретінде қалыптасуының негізгі саяси бағыттарының бірі – білім мен ғылымды дамыту, ұлт болашағы болатын білімді ұрпақ тәрбиелеу. Дамыған елдердің қатарына қосылуымыз үшін білімді жастардың қосар үлесі зор. Ұрпақтың білімді болуы үшін мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Жаңа технологияларды пайдаланып, жаңа оқу бағдарламаларының негізінде білім беру басты талаптардың бірі болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып, оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді жаңаша бағытта қолдана білу оқушының пәнге деген қызығушылығын да арттырып, тақырыпты толық меңгеруіне ықпал етеді, жеке тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады. Сабақтың нәтижелі болуы үшін әдіс-тәсілдерді қолдану өте маңызды. Сондай әдіс-тәсілдердің бірі – жоспарлау мен саралау.

Философия ғылымдарының докторы, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының профессоры Сәрсен Аманжоловтың қазақ тілінің

теориялық негіздерін түсіндіретін түрлі авторлық мақалаларының негізінде «Қазақ тілі теориясының негіздері» атты кітабы жарық көрген. Сол еңбектерінде қазақ тілін оқытудың маңызы мен теорияның талдауын анық көрсеткен. Осындай құнды ақпараттар мен зерттеулер қазіргі кезде қазақ тілі сабағының тиянақты өтуіне, мұғалімге көмекші құрал болары анық.

Әдіс – мұғалімнің белгілі мақсатқа жету жолындағы қолданатын тәсілі, іс-әрекеті. Жоспарлау әдісін қазақ тілі сабағында тиімді қолдана аламыз. Оқушыларға жоспарлаудың мынадай түрін үйретуге кеңес берер едім. Әсіресе, үй тапсырмасын орындау кезінде жақсы көмектесетін тәсілдердің бірі: «30 минут» әдісі. Сағаттың секундамерін 30 минутқа қойып, ештеңеге алаңдамастан, 30 минут үй тапсырмасын орындап, 20 минуттай жаттығу жасап, денесін сергітіп алған соң қайтадан осы әдісті қайталауға болады. Үй тапсырмасын орындауды жоспарлаудың тағы бір әдісі: әр пәнге тапсырмасының қиындығы мен жеңіл тапсырмаларды саралай отырып, белгілі

бір уақытты белгілеп, тапсырманы орындауды жоспарлауға болады. Арасында денені сергіту жаттығуын жасауды ұмытпау керек.

Саралау әдісі – оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бір материалды барлық оқушыға әртүрлі тәсіл арқылы түсіндіру, әр оқушының қабілетіне қарай, тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктеп, сабақты ұйымдастыру. Қазіргі жаңа форматты жаңашыл мұғалім бағыт беріп, сабақты ұйымдастырып, күтілген нәтиженің орындалуын қадағалап отырады.

Саралаудың әдістері:

- Мақсат бойынша саралау – сабақтың оқу мақсаттары саралау арқылы жинақталады;
- Тапсырма бойынша саралау – тапсырмалар деңгейіне қарап саралап тандалып алынады;
- Ресурстар бойынша саралау – тапсырмалар оқулықтан, өмірден, дидактикалық материалдардан және ақпарат құралдарынан саралап алынады;
- Жылдамдық арқылы саралау – тапсырмалар оқушылардың жылдамдығына қарай сараланады;
- Оқушыларға қолдау көрсету – оқушылардың қажеттілігіне қарай нұсқаулықтар беріледі;
- Нәтиже бойынша саралау түрі – сабақ мақсатына әр оқушы әр түрлі деңгейде жетеді.

Қазақ тілі сабағында саралау әдісін қолданып, оқушының жеке қасиеттері мен қабілеттерін бағамдай отырып, деңгейлік тапсырмалар беру арқылы әр баланың пәнге деген қызығушылығын арттыра аламыз. Сабақта өтілген материалдарды әр оқушының әр түрлі деңгейде, толық қабылдауын қамтамасыз етеміз. Мысалы, сабақ барысында топқа бөліп немесе жеке тапсырмаларды береміз, оқу үлгерімі төмен оқушыға А деңгейдегі тапсырмаларды беруге болады, олар басқа

тапсырмаларға қарағанда оңай, орындалуы жылдам. В деңгейлі тапсырмаларды орташа үлгерімдегі оқушыларға беруге болады. С деңгейлі тапсырмаларды жақсы оқитын, үздік деген оқушыларға беруге болады. Барлық оқушыға бірдей уақыт беру арқылы жылдамдыққа, уақытты тиімді пайдалануға үйрете аламыз. Келесі тапсырмаларда қабілеттерін шыңдау мақсатында А деңгейінен В деңгейінің тапсырмаларына өтуге болады. Түсінбеген тапсырмаларға кездескенде, мұғалім көмек ретінде бағыт-бағдар беріп отырса, баланың қабылдауы да жеңіл болары анық.

Жоспарлау мен саралаудың тәсілдерін қолдану оқушыға өз деңгейі бойынша тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді. Оқушының деңгейіне қарай, тапсырмалардың күрделі немесе жеңіл, орташа болуына аса мән беру керек немесе бірдей тапсырманы әр балаға әр түрлі уақыт бойынша ұсынған жөн. Осылайша, баланың қабілетін ашу арқылы нәтижелі білім алуына мүмкіндік жасауға болады. Нәтижелі білім – нәтижелі болашақ кепілі. Мұғалім өзінің білімін жетілдіріп, біліктілігін арттырып отырса, жаңашыл мұғалімнің жаңа образы қалыптасады. Балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның қабілеттерін ашуға тырысу – әр мұғалімнің міндеті деп білемін.

Дидактикалық материалдарды қолданып, жүйелі жоспарлау мен оқушының қабілетін саралау әдістері арқылы білімді ұрпақтың болашағын бағамдай аламыз. Оқушының бәрі қабілетті. Тек сол қабілетін ашу үшін озық ойлы мұғалімнің жаңашыл оқыту үрдісі мен жаңа технологияларды тиімді қолдана білу қабілеттілігі болса жеткілікті. Мақсатқа жету жолында нәтижелі білімді игере алу аса маңызды.



ТЕХНОЛОГИЯ. КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНДЕРІ- ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ

НАЛИБАЕВА Шолпан Муратбековна,
Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің шебер педагогы.
Түркістан облысы, Созақ ауданы

«Еңбек ер атандырады» дейді дана халқымыз. Адамзаттың жаратылған сәттен дәл бүгінге дейінгі кәсібі еңбек болып келеді.

Еңбек - адамның тұрмыс-тіршілігінің және дамуының тірегі. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың «Егер мал керек болса, қолөнер

үйренбек керек, мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген сөзі халқымыздың мәңгілік құндылығы болып саналады. Ұлы бабаларымыздан қалған мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден еңбексіз өмірдің жоқтығын түсінеміз. Бүгінгі мектептегі «Технология. Көркем еңбек» пәндері бұрынғы кезде «Еңбек» сабағы, «Еңбекке баулу» сабағы болған еді. Ғылым мен озық ойлы технологияның заманында, адамзат баласының ақыл ойының дамыған заманында «Еңбек» сабағы «Технология. Көркем еңбек» болып


өзгеруде. Мектептегі Шеберлердің міндеті балаларды еңбекке баулу болып табылады. Шеберлер балаларға қарапайым құралдармен қалай жұмыс жасауға болатынын үйретеді. Технология ғылымы – шеберлік ғылымы. Қазіргі таңда технология дегенде адамға, қоғамға қажетті бұйымдарды жасаудың әдістері деген мағына түсіндіріледі. Технология түсінігі «Дизайн» түсінігімен тығыз байланысты. «Көркем еңбек» пәнінде мұғалім бейнелеу өнерін, сызбаларды, заттың немесе бұйымның жасалу жолдарын оқушыларға үйретеді. Дизайн – бізді қоршаған ортадағы тартымдылық қасиеттерді әдемілеу, көркемдеу болып табылады. Дизайндың графикалық дизайн, киім дизайны сияқты көптеген түрлері бар. «Технология. Көркем еңбек» сабағының бүгінгі таңдағы балаға берері мол. Біз оқушыларға бұйымдарды жасау және өндіру кезінде еңбек, қаражат, материал, уақыт шығындары аз және еш қиындықсыз көп данада өндіру мүмкін болатын бұйымдар технологиялық болып есептелетіндігін үйретеміз. Сонымен қатар бұйымдардың барлық сапа талаптарына сай болуы сенімділік, өндіру шығынының төмен болуы үнемділік, сыртқы көрінісінің ерекшелігі тартымдылығы, жеңіл икемді болуы қолайлылығы сияқты талаптарды үйретеміз. Бала бойындағы өз халқының тарихи болмысын, ұлттық салт-санасын ерте жастан қалыптастыруды жөн деп санаймын. Біз қолөнер бұйымдарын көбірек жасаймыз. Сол себепті сабақтан тыс уақытта да

еңбектенуге тура келеді. Балаларды ине-жіптермен матадан ұлттық бұйымдарды тігіп қана қоймай, кестелеп, оларды ұлттық нақышта безендіруге, әрқайсының қолданылу ерекшелігіне назар аударып отыруға баулимыз. Бұл - біздің дәстүрлі жұмыс бағытымыз. Әрине, Шеберлердің жұмысы балаларды шығармашылыққа бейімдеу болып табылады. Белгілі бір суреттерді салып, оны кестелеп тігудің өзі бір ғанибет. Әр кестені біткенде балалар қызығып қарап, тіккен кестелеріне баға беріп отырады. Мысалы, «мына жерін былай тіксек басқаша болар еді» деген ойларын білдіріп отырады. Бүгінгі ұрпақ заман талабына сай жан-жақты болып қалыптасып келеді. Қазір – ғаламтордың дамыған кезеңі. Балалар белгілі бір жұмыстарды орындау кезінде көптеген ақпарат-тарды пайдаланады. Өздерінің ұсыныс – пікірлерін әркез ортаға салып отырады.

Бүгінгі заманауи мұғалім креативті, яғни жан-жақты болуы тиіс. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, өзінің жобасын немесе іс-тәжірибесін жарыққа шығарып отыруы керек, шәкірт жүрегінен орын тауып, оларды байқауларға қатыстырып, ата-анамен үнемі тығыз байланыста болуы қажет деп ойлаймын. Шеберлердің балаға үйреткен қолөнерінің пайдасы мол. Шеберлікке немқұрайлы қарамау керек. Ыбырай Алтынсариннің:

Өнер - білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды,
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып - жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды,-деген өткен ғасырларда жазған өлеңі сол кездегі өмір талабы болса, бүгінгі таңда да қадір-қасиетін жоғалтқан жоқ. Балаға кәсіби бағдар беру мектептен басталуы тиіс. «Технология. Көркем еңбек» пәндері – ұлттық тәрбиенің тірегі. Сондықтан да мәдениет пен өнердің бастауы саналатын осы сабақтың сапалы өтілуіне үлкен жауапкершілікпен қарау керек деп ойлаймын.





ШЕБЕР МҰҒАЛІМ - САПАЛЫ БІЛІМ

ШАДМАНОВА Жазира Бижановна,
№49 Ш. Уалиханов атындағы жалпы орта
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Мақсаты:	- қатысушылардың қызығушылығын арттыру, әдістемелік көмек ұсыну, жаңа тәсіл түрлерімен таныстыру, үйрету.
Әдіс-тәсілдер:	«Қолшатыр» әдісі, «Сикырлы экран» әдісі, «Ұялы телефон» әдісі, сын тұрғысынан ойлау. (тұжырымдамалық постер жасау)
Күтілетін нәтиже:	- мұғалімдер коучингке белсенді қатысады, қызығушылығы артады, ой қозғайды, тақырыпты өздігінен меңгереді, кері байланыс жасайды; - оқушының жеке тұлғалық дамуына, яғни оның өзін-өзі тануға және өзіндік өсу бағытында мұғалімнің кәсіптік құзырлығын, шеберлігінің рөлі маңызды екендігі туралы түсініктері қалыптасады;
Түйінді идея:	- Сын тұрғысынан ойлауды дамытатын педагогикалық технологияларды сабақта күнделікті қолдана білуге дағдыланады. Топпен ынтымақтаса жұмыс жасаудың заман қажеттілігі екенін ұғынады.

Коучинг барысы

Ұйымдастыру бөлімі	Коучтың әрекеті	Мұғалімнің әрекеті
	<p>Коучинг-сессиясын ұстаздармен амандасудан басталады. Ұстаздарды тренингке шақыру:</p> <p>Тренинг «Қолшатыр» әдісі Шарты: Қатысушылар бөлме ішінде қозғалып жүріп, музыка ырғағына сәйкес билейді. Ортада қолшатыр тұрады. Коуч «Жанбыр» деп айтқанда қатысушылар қолшатырдың астына тұрып қалулары тиіс. Мұғалімдерге арнайы дайындалған сұрақтар қойылады.</p> <p>- Жанбырдан қорғану үшін сіздер қандай әрекет жасадыңыздар? - Судың астында қалмау үшін не істеуге тура келеді? - Қолшатырдың астына сыйып тұру үшін қандай әдісті пайдаландыңыздар?</p> <p>Топқа бөлу Олай болса жауыннан қорғану үшін топтасып, бірге әрекеттесе алдыңыздар. Соған ризашылығымызды мына «Белайн, Актив, Теле2» карта бірліктерін сыйлау арқылы білдіреміз.</p> <p>-Таңдаған бірліктерге байланысты топтарға бөлініп отыралық. 1-топ «Белайн» 2-топ «Актив» 3-топ «Теле2»</p>	<p>Тренингке қатыса отырып, ұйымшылдық танытады</p> <p>- бірлесе қолшатырдың астына тұрдық - жылдам, белсенді қимылдау - ынтымақтаса, топтық жұмыс</p> <p>Әркім қалаған карта бірліктерін алады</p> <p>Топтарға бөлініп отырады</p>
<p>Кіріспе</p> <p>Ой қозғау</p>	<p>1. Жаңа сабақ. «Сикырлы экран» әдісі Бейнефильмді тамашалау арқылы тақырыпты анықтау. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен құзіреттілігін қалыптастырып, әдістемелік жұмысты жүргізе асыра, сапалы білім беру. - Фильмде нені байқадыңыз? Постер қорғауға берілетін сұрақтар. - Фильмдегі мұғалім туралы ойыңыз, ол қандай адам? Мұғалімге баға беріңіз. - Қазіргі мұғалім қандай болу керек? - Оқыту мен оқудағы әдістерді не үшін өзгерту қажет? - Табысты оқыту, сапалы білім дегенді қалай түсінесіз, оқыту табысты болу үшін мұғалім қандай болу керек?</p> <p>2. Ситуациялық сұрақтар: «Ұялы телефон» әдісі Шарты: Әр топқа ұялы телефон беріледі. Телефон ішінен смс жазылған сұрақтар шығады. Сол сұрақтарға жауап береді.</p> <p>1. Оқушыңыз үй тапсырмасын дайындамай келді. Сіз қандай әрекет етесіз? 2. Оқушыңыз сабаққа зейін қоймай отыр. Сіз не істейсіз? 3. Оқушы үшін сабақ қызық емес. Сіздің әрекетіңіз? 4. Өз сабағыңызға деген оқушының көзқарасын қалай анықтайсыз? 5. Үй жұмысын тексеру үшін дәптер жинап алдыңыз. Бір оқушы дәптеріне сіздің суретіңізді салып мазақ етіп жазып қойған. Не істер едіңіз? 6. Сыныпта бір оқушы сыныптасына, оның ұлтына қатысты жаман атпен тіл тигізді. Сіз осы жағдайда қалай әрекет етесіз және не істейсіз, не айтасыз және т.б.)</p>	<p>Бейнефильмді тамашалау арқылы постер қорғайды</p> <p>Топтық жұмыс арқылы берілген тапсырмаларды орындайды, бір-біріне ой салады, өздері түйген ойларымен бөліседі</p>

<p>Сергіту сәті</p>	<p>7. Сабақта бірнеше оқушы телефондағы ойындарды ойнап отыр. Сіздің ескертуіңізге былай жауап қайтарады: «Сіздің пәніңіз бізге керек емес. Ол өмірде пайдаға аспайды»дейді. Сіз қалай әрекет етесіз? 8. Қазіргі заманауи шебер мұғалім қандай болу керек деп ойлайсыз? 9. Сіз сабақты слайд түрінде дайындап келдіңіз. Оны бір оқушы интерактивті тақтаны қосамын деп жүргенде бәрін өшіріп алады, не істер едіңіз? Қатысушылар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Тілек жазылған шарды үрлеп жарады, ішіндегі тілектерді оқиды</p>
<p>Негізгі бөлім</p>	<p>4. «Мен өзіме және басқаларға тілеймін» әдісі Шарты: Шарлардың ішіне жақсы тілек сөздер жазылған кеспе қағазын салып шарларды қатысушыларға тарату, қатысушылар шарды үрлеп көршісіне кезекпен айналдыра береді.Музыканың ырғағымен, музыка тоқтаған кезде қолдағы шарды жарып ішіндегі сөздерді оқып береді.</p>	<p>Берілген тақырпқа эссе жазады</p>
<p>Қорытынды</p>	<p>3.Бейне жазба: «Әлем өзгереді, бізде өзгереміз» осы бейне жазбаны қарай отырып, «Шебер мұғалім-сапалы білім» тақырыбына эссе жазғызу. - Педагогтің кәсіби шеберлігі мен құзғіреттілігінің тиімділігі неде? «Жетістік баспалдағы» әдісі</p>	<p>Жетістік баспалдағы</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>Егерде мұғалім ізденуді тоқтатса, ұстаздық тоқталады. Қазіргі таңда әр ұстаз іздену барысында, ал ізденуден шеберлік шыңдала түседі. Осы биіктіктің шыңынан көрінейік! Оқушы бізді осындай қалыпта көрсін! Алдарыңызда берілген «Жетістік баспалдағы» өздеріңіздің ұстаздық жолындағы баспалдақтарыңыз. Өз баспалдақтарыңызды боясаңыздар. Кері байланыс парақтарын тарату Кері байланыс парақтарын толтырту. Бүгінгі коучинг-сессиясынан алған әсеріңіз, нені үйрендіңіз, нені білдіңіз? Неге қол жеткіздіңіз? (тапсырмалар орындау барысында қандай қиындықтар кездесті, қандай сезімде болдыңыз?)</p>	<p>Сессияның мазмұны мен барысы туралы ойларын мен ұсыныстарын кері байланыс парақтарға жазып қалдырады.</p>

САН ЕСІМ

*АСЕМОВА Лайла Жасузаковна,
№90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған
мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.
Шымкент қаласы*




<p>Сабақтың мақсаты:</p>	<p>3.1.1.1.- тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; 3.2.3.1.- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.4.2.3.- сөйлемнен сөз таптарын табу.</p>
<p>Бағалау критерийлері:</p>	<p>1.Тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілейді, ашық және жабық сұрақтарға жауап береді; 2.Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді.</p>
<p>Алдыңғы оқу</p>	<p>Өткен білімді еске түсіру және байланыстыру.</p>

Жоспар

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
<p>Басталуы Қызығушылықты ояту 2 минут</p>	<p>Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Амандасып алайық, Бір жадырап қалайық.</p> 	<p>Интербелсен -ді тақта</p>

Ортасы
Мағынаны
тану
30 минут

1. Өткен білімге шолу



Семантикалық карта


Сөздер	Зат есім	Сын есім	Етістік
асхана			
жасыл			
күліп отыр			
қағаз			
ұзын			
жүгіріп жүр			
қасқыр			

II Жаңа сабаққа қадам
Ой қозғау. Ребус шешу:

- Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы «Сан есім»

III. Жаңа сабақ

Сан есім туралы видеороликті тамашалау



Оқушылардан сан есім туралы түсінгенін пысықтау.

- Сан есім туралы не білдіңдер?

Мұғалім қорытындылап ережемен салыстырады, таныстырады.



Осы сандарға байланысты халқымыз қазақ ұғымында 1, 3, 5, 7, 9, 40 секілді сандардың бәрін бір ырымға негіздеп, киелі деп есептеген. Сондықтан да менің қоятын сұрағым осы төңіректі қамтиды.

Жеті атаңды ата (ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене)

Халқымыздың киіс тұтқан сандарын ата (7, 9)

Үш арсызды ата (ұйқы, тамақ, күлкі)

Жігіттің үш жұрты (өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты)

Төрт-түлік (кой, сиыр, жылқы, түйе)

Ер қаруы бес қару (найза, садақ, шоқпар, қылыш, айбалта)

Оқулықпен жұмыс

Жұмбақ шешу




Оқушылар жұмбақтың жауабы не? (су)

Су туралы аудиожазба тыңдау.

Аудиожазба бойынша сұрақтарға жауап беру.

Дәптермен жұмыс

Оқулықтағы 22-жаттығуды дәптерге орындау.



Сұрақ-жауап арқылы өткен тақырыптарды пысықтау

Семантикалық карта

Ребус Маркер

Видеоролик

Оқушылар сан есім туралы білетіндерін жазады

Интербелсенді тақта

Сұрақ-жауап

Жұмбақ



Аудиожазба





	<p>Сергіту сәті Жұмбақ шешу 23-жаттығу</p> <p>Тақтамен жұмыс 24-жаттығу</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p> <p>Жұмбақ Оқушылар үйренгендерін жазады, қорғайды</p>										
	<p>Бүгінгі сабақтан не үйрендім? «Білдім» Ойын: Адасқан сөздер. Сөздерді сөз таптарына ажыратады.</p>											
<p>Аяқталуы Ой толғаныс 8 минут</p>	<p>«Ой толғаныс» сатысы. Оқушылар тест жұмыстарын орындайды.</p> <p>1. Сан есім қандай сұраққа жауап береді? А) қандай? Ә) қанша? Б) не?</p> <p>2. Сан есімді көрсет. А) белсенді Ә) балық Б) бес</p> <p>3. Сан есім түрлері А) есептік, реттік Ә) есептік, қатарлық</p> <p>4. Көп нүктенің орнына керек санды қой. Ер.....рет өледі. Қорқақрет өледі. А) бір, бесінші Ә) бір, мың Б) бір, көп</p> <p>5. Мына сөздер қай сөз табына жатады? алты, он екі, жүз А) етістік Ә) сын есім Б) сан есім</p> <p>Бекіту сұрақтары - Сан есім дегеніміз не? «Үшінші» сөзі қандай сұраққа жауап береді?</p> <p>Рефлексия - Бүгін сабақ ұнады ма? - Не үйрендім? - Бүгін өзімді көрсете алдым ба?</p> <p>Үй тапсырмасы 79-бет 25-жаттығу</p>	<p>Тест арқылы деңгейлерін анықтайды</p> <p>Тест жауаптарын тексеру</p> <table border="1" data-bbox="1295 1361 1463 1430"> <tr> <td>1</td> <td>2</td> <td>3</td> <td>4</td> <td>5</td> </tr> <tr> <td>ә</td> <td>б</td> <td>а</td> <td>ә</td> <td>б</td> </tr> </table>	1	2	3	4	5	ә	б	а	ә	б
1	2	3	4	5								
ә	б	а	ә	б								
<p>Бағалау</p>												




САҚТАР ТУРАЛЫ ТАРИХИ МӘЛІМЕТТЕР

МУСЛИМОВА Клара Калдарбековна,
№169 мектеп-лицейінің Қазақстан тарихы пәні мұғалімі.
Алматы қаласы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	5.3.1.1 – картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 – сақтар тарихы туралы жазба деректерге сипаттама береді.	
Бағалау критерийі:	- сақтардың атауларын есіне сақтайды; - сақтар туралы деректер қалдырған тұлғаларды атайды; - сақтар туралы мәлімет беретін дереккөздерге сүйеніп, Қазақстан жерінде өмір сүргендігін, тарихи маңызын дәлелдейді; - сақтардың орналасуын картадан көрсетеді.	
Жоспарланған уақыт 40 минут	Жоспар: мұғалімнің әрекеті	ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұйымдастыру: сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, карточка бойынша 3 топқа бөлу. Топқа бөлу: Сандық номер бойынша. 1.Топ 2.Топ 3.Топ	Қорапшадағы карточкалар
Өткен білімді еске түсіру 5 минут	<p>Сұрақ-жауап «Картошка фри» әдісі Оқушылар қорапшадағы сұрақтың біреуін алып, жауап береді. Сұрақтарға жауап беріп, үй тапсырмасын қорытындылайды.</p> <p>I тапсырма</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Салт-дәстүр дегенді қалай түсінеміз? (Әр халықтың өзіндік әдет-ғұрыпы) 2. Батыс Қазақстанның шөлді аудандарында өсірген түлік? (Түйе) 3. Ерте темір дәуірінде адамдар қандай жануарларды қолға ұстады? (Жылқы, түйе, қой, сиыр) 4. Қазақстанның оңтүстігінде отырықшы шаруашылық қандай өзендердің аңғарында дамыды? (Сырдария, Шу, Келес) 5. «Наурыз мерекесі» қай уақытта тойланады? (Мезгілдің көктем уақытында наурыз айында) 6. «Отпен аластау» дегенді қалай түсінесің? (Дәстүрлі тәңіршілдік дүние танымнан отқа табынудан қалған ырым) 7. Көшпелілердің бүкіл тұрмыс тіршілігі немен байланысты? (Жылқымен байланысты болған) 8. Көкпарға қандай жылқы таңдалған? (Жасқа толған серкенің семізі таңдалған) 9. Көкпар ер адамның несімен сынаған? (Ер адамдардың бойындағы күш-қуатын, ептілігін, батылдығын сынаған) 10. Адамзат баласы тарихының ежелгі кезеңін ата? (Тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі) 11. Сен білетін салт-дәстүрді ата? (Тұсаукесер, Бесікке салу, Беташар, Наурыз мейрамы) 12. Этнография дегеніміз не? (Тайпа, халық, жазу, қоғамдық, тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы) 13. Дәстүр дегеніміз не? (Әр ұлттың халықтың діні мен сеніміне тұрмыс-тіршілігіне ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып өмірдің өзі туғызған ғұрыптар жиынтығы) 14. Қазақ халқының материалдық мәдениеттеріне нелер жатады? (Тұрғын үй, киім кешек, тағам түрлері, құрал-сайман, қару-жарақтар) 15. Қазақтарда тұрғын үйдің неше түрі болды? (2 түрі. Жаздығүні жеңіл киіз үй, қыстығүні шымнан балшықтан немесе тастан салынды) 16. Кісе дегеніміз не? (Ерлердің өрнектеліп, асыл тастардан көздер салынған сүйек оюлар бастырылып әшекейленген қайыс белдіктер) 	<p>Түрлі-түсті картон қиындысы</p>  <p>Сұрақтарға жауап берген оқушыларға мадақтау, бағалау карточкасы тарқатылады</p> 

	<p>17. Көшпелілердің соғыс кезінде пайдаланған қару түрлері? (Жебе, садақ, семсер, алдаспан, найза, күрзі)</p> <p>18. Қазақтардағы отпен газарту ырымы (Аластау)</p> <p>19. Көшпелілер нені білуге тиіс болды? (Малшылар өздері тұрған және өздерін қоршаған табиғатты түсіне білуі тиіс болды)</p> <p>20. Малшылар өздері тұрған және өздерін қоршаған табиғатты түсіне білуі тиіс болды? (Ерте темір дәуірінде)</p>	
5 минут	<p>Интерактивті тақтада суреттер қойылады балалар тақырыпты меңзеп тұрғанын айтады.</p> <p>Зерттеу сұрағы <u>Қандай деректемелер сақтар туралы мәлімет береді?</u></p> <p>Оқушылар «Сақтар туралы мәліметтер» тақырыбындағы бейне материалды тамашалайды.</p> <p>Мұғалімнің әрекеті «Ойлан, бөліс» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бейнематериалдан не тамашаладыңыздар? - Онда кімдер туралы айтылады? - Сақтар қай жерлерде қоныстанған? 	<p>Фото коллаж</p> <p>Сақтар туралы бейнематериал</p>
<p>Сабақ ортасы</p> <p>15 минут</p>	<p>II тапсырма: Постер құру.</p> <p>Оқушылар берілген сұрақтарды мұқият оқып, талқылап, постер арқылы қорғайды.</p> <p>1-топ: Сақтар туралы жазба деректер суреттер арқылы баяндау.</p> <p>2-топ: Сақ тайпаларының қоныстануы. /картадан көрсету/</p> <p>3-топ: Сақтардың қоғамдық құрылысы. /Балық қаңқасы/</p> <p>Мұғалімнің әрекеті: Тапсырманы орындау барысында оқушылардың назарын төменде көрсетілген критерийлерге аударады:</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - постердің эстетикалық талғамға сай болуы; - нақты дәлелдемелердің болуы; - тақырыптың ашылуы; - уақытты тиімді пайдалану. <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сақ тайпалары туралы қандай жазбаларда кездесетінін атайды. 2. Берілген деректерге сүйене отырып, сақ тайпаларының қоныстануын картадан анықтайды. 3. Сақ тайпаларының үш топқа бөлінетінін ажыратып береді. <p>III тапсырма: «Алтын жебе» әдісі</p> <p>Тақтада жасырылған сұрақтарды әр топ мүшесі шығып, жебемен атады, жебе көздеген сұрақтарды алып жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сақтар б.з.д I мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан жерін мекен еткен. 2. Парсы жазбаларында «Құдіретті еркектер», Иран жазбаларында «Жүйрік атты турлар». Грек авторларында «Азиялық скифтер». 3. Шошақ бөріктілер сақ тиграхаудтар Жетісуды Тянь-Шань тауларын, Сырдария өзенінің орта ағысын мекен еткен. <ul style="list-style-type: none"> - Теңіздің арғы жағындағы сақтар сақ парадайлар, Арал бойы мен Сырдарияның төменгі ағысын мекен еткен. - Парадайалардың оңтүстігіндегі сақ хаумоваргалар атауы оларға хаома сусынына байланысты берілген. <ol style="list-style-type: none"> 4. Аргипейлер мен исседондар мекендейді. 5. Исседондар. 6. Аргипейлер аримаспылар. 7. Дұшпанға қатал, досқа адал деп айтқан. 8. Мал шаруашылығы, төрт түлік малды өсірген жылқы мен қой. Егіншілікпен біразы айналысқан, Сырдария, Талас, Келес өзендерінде мекендеген сақ тайпалары айналысқан. 9. Олар арбаға орнатылған киіз үй қыс кезінде ағаштан жасалған үйлерде тұрған. аңшылыққа соғысқа арнап күймелер де жасаған. 10. Қызылордадан 300 шақырым жердегі Шірік-Рабат қаласы. Қаланың күзет мұнаралары бар орталығы цитадель. <p>Бекіту тапсырмалары:</p> <p>«Ақиқат жалған» анықтау</p> <ul style="list-style-type: none"> - сақтар дәуірі кезеңі? <i>Ерте темір дәуірі</i> - Қазақстан жеріндегі ең алғашқы тайпалық одақ <i>«Сақтар»</i> - сақ тиграхауда: <i>Жетісу мен Сырдың орта ағысы</i> - сақ хаумаварга: <i>Парадарияның оңтүстігінде</i> - сақтардың басшысы: <i>Патша</i> - сақтар құрамына енген тайпалар: <i>Аримаспы, аргиппей, исседон</i> - сақ парадария: <i>Теңіздің арғы жағында</i> - Иран жазбаларында сақ деген: <i>Жүйрік атты турлар</i> - сақтар әділге берік деп айтқан: <i>Страбон</i> - сақтар әйелдерінің жүйрігі туралы жазған: <i>Ктесий</i> - мен әскеріммен сақтар жеріне кеттім деп жазған: <i>Дарий</i> 	    <p>Үлестірмелі паракшалар</p>
3 минут		
2 минут		

- Қазақстан жеріндегі сақтар туралы жазған: <i>Парсылар</i>	
Үйге тапсырма: 1. Тақырыпты оқып, мазмұндау, сақ туралы дереккөздерді дәптерге жазып келу. 2. Сақтар туралы қосымша мәлімет алып келу.	тарих дәптері











АТОМДАР МЕН МОЛЕКУЛАЛАР

КАШКАРБАЕВА Жайна,
С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы білім беретін орта мектебінің химия пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	7.1.2.1 - Атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Атом мен молекула ұғымдарына анықтама береді және айырмашылығын біледі. Басым бөлігі: Атомдар мен молекуланың қасиеттерін ажырата алады. Кейбір оқушылар: Атомдар мен молекулалардың айырмашылығын ажыратып, мысалдармен дәлелдейді.

Сабақтың барысы:



Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар																
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 3 минут	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Сынып оқушыларын «Атом мен молекула» әдісі арқылы ойын ойнатылады. <i>Ойынды жүргізуші «Атомдар!» деп дауыстағанда, олар бір-бірімен араласып, әрілі-берілі жүруі керек, өйткені олар қазір броундық қозғалыстағы атомдар іспетті. Ал, жүргізуші «Молекулалар!» деп айтып, бір санды атаса (мәселен, үш немесе төрт, бес, алты) оқушылар сол аталған сан құрамында топтарға жедел түрде бірігуі керек.</i>																			
Жаңа сабаққа кіріспе 2 минут	Оқушылардан үй тапсырмасын пысықтау мақсатында « Табан ізі » әдісін қолданамын. 1. Физикалық денелерді құрайтын нәрсе? Зат 2. Заттардың бір-бірінен айырмашылығын көрсететін белгілер? Қасиеттері 3. Құрамына кіретін заттардың бөлшектері микроскоп арқылы да көрінбейтін қоспа? Біртекті 4. Шынының балқуы қай құбылысқа жатады? Физикалық 5. Темірдің тат басуы қандай құбылысқа жатады? Химиялық жалпы -2балл	Сұрақтарға жауап береді	Бағалау парақшасы бойынша бағалау (топ басшысы әр тапсырма бойынша бағалайды) <table border="1"> <tr> <td>Аты-жөні</td> <td>1-тапсырма</td> <td>2-тапсырма</td> <td>3-тапсырма</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма													Слайд ҚБ мадақтау Бағалау парақшасы
Аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма																	
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу 10 минут	Жаңа сабақ. Мұғалімнің түсіндіруі. Видеоролик 1-тапсырма «Суреттер сөйлейді» әдісі 	Оқушылар дәптермен жұмыс жүргізеді, берілген тапсырманы орындайды	Дескриптор: жалпы - 2 балл - суреттен атом мен молекуланы ажыратады ҚБ Күн–керемет Бұлт пен күн-жақсы Жаңбыр-талпын	Оқулықпен жұмыс, дәптер, слайд, суреттер https://www.youtube.com/watch?v=i8hORIrC1xE																

<p>25 минут</p> 	<p>2-тапсырма. «Сәйкестендіру» әдісі</p> <table border="1" data-bbox="332 218 755 516"> <tr> <td>Химиялық бөлінбейтін ең ұсақ бөлшек</td> <td>молекула</td> </tr> <tr> <td>Заттың қасиеттері мен құрамы сақталатын ұсақ бөлшектер</td> <td>анализ</td> </tr> <tr> <td>Заттарды жай заттарға жіктеу әдісі</td> <td>күрделі заттар</td> </tr> <tr> <td>Атомдардың бір түрінен түзілген заттар</td> <td>атом</td> </tr> <tr> <td>Атомдардың әр түрінен түзілген заттар</td> <td>жай заттар</td> </tr> </table> <p>3-тапсырма «Ғалымдардың зерттеуіне шолу жасау» әдісі Әр ғалымның еңбектерін баяндайды.</p>	Химиялық бөлінбейтін ең ұсақ бөлшек	молекула	Заттың қасиеттері мен құрамы сақталатын ұсақ бөлшектер	анализ	Заттарды жай заттарға жіктеу әдісі	күрделі заттар	Атомдардың бір түрінен түзілген заттар	атом	Атомдардың әр түрінен түзілген заттар	жай заттар	<p>Тапсырманы орындайды</p> <p>Берілген кестеге сәйкестендіру жұмысын жасайды</p> <p>Оқушылар ғалымдар туралы</p>	<p>Дескриптор: жалпы-2балл</p> <p>- Атом, молекула, күрделі және жай заттар ұғымдарын ажырата алады</p> <p>ҚБ</p> <p>Күн–керемет Бұлт пен күн-жақсы Жаңбыр-талпын</p> <p>ҚБ</p>	<p>Кеспе қағаздар, слайд, суреттер</p>
Химиялық бөлінбейтін ең ұсақ бөлшек	молекула													
Заттың қасиеттері мен құрамы сақталатын ұсақ бөлшектер	анализ													
Заттарды жай заттарға жіктеу әдісі	күрделі заттар													
Атомдардың бір түрінен түзілген заттар	атом													
Атомдардың әр түрінен түзілген заттар	жай заттар													
	<p>Суреттер көрсетеді.</p> <p>4-тапсырма Химиялық диктант Келесі сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жаз:</p> <p>1. Су молекуласы және..... тұрады. сутегі мен оттегі</p> <p>2. Озон молекуласы оттектіңтұрады. 3 атомынан</p> <p>3. Ауа –қоспа, оның құрамына оттектен кіреді. атомы</p> <p>4. Көмірқышқыл газ молекуласы және.....тұрады. көміртек және оттектен</p> <p>5. Су.....сутек пен оттектіңтүзілген. Молекуласы, атом</p> <p>6. Йод.....ауаға таралуына байланысты иісі білінеді. Атомы</p> <p>5- тапсырма. «Көрсету және модельдеу» әдісі Молекулалардың модельдерін құрастыруға арналған жиынтықтарды пайдаланып суретке қарап, молекула модельдерін құрастырыңдар</p> <p>1-топ.     аммиак NH₃ оттектен O₂ Метан CH₄ су H₂O</p> <p>3-топ   Сутек H₂ CO₂</p> <p>Көмірқышқыл газы</p>	<p>баяндайды, еңбектерімен таныстырады</p> <p>Берілген кеспе қағаздарға тиісті сөздерді қойып оқиды</p> <p>Оқушылар топтық жұмыс жүргізеді, молекулалардың модельдерін құрастырады</p>	<p>Мадақтау сөздер</p> <p>ҚБ <i>Жалпы :2балл</i> Күн–керемет Бұлт пен күн-жақсы Жаңбыр-талпын</p> <p>Дескриптор Тиісті сөздерді қойып оқи алады</p> <p>Индекс атом санын көрсететінін біледі</p> <p>Дескриптор Әртүрлі қосылыстардың модельдерін жасай алады</p> <p>Жалпы: 2 балл ҚБ Мадақтау</p>	<p>Кеспе қағаз</p> <p>Молекулалар</p>										
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс Рефлексия 5 минут</p>	<p>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында «Worldwall» платформасын қолданады.</p> <p>Кері байланыс: Күнбағыс Үй тапсырмасы: §5. Атомдар мен молекулалар</p>	<p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша сабаққа қорытынды жасайды.</p>	<p>Мұғалім оқушыларды <i>1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</i></p>	<p>Дәптер</p> 										
<p>Жалпы бағалау Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1: 2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.</p> <p>1: 2:</p> <p>Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?</p> <p>1:</p>														



ИНЕЛІК ПЕН ТИІН ЗАТТЫҢ ҚИМЫЛЫН БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР

ГАЗЪХАНОВА Раъно,
 Әйтеке би атындағы № 26 жалпы орта мектебінің
 бастауыш сынып мұғалімі.
 Түркістан қаласы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:	1.2.6.1 - мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1.4.2.1 - заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану; 1.3.6.1 - жазу жолын, жоларалықты, жолдың төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу.			
Сабақтың мақсаты:	Мәтіннің жанрын ажыратады. Заттың қимылын білдіретін сөздерді тауып, сұрақ қояды. Берілген мәтінді жазу талаптарына сай көркем әрі сауатты көшіріп жазады.			
Құндылықтарды дарыту	Еңбекке, жауапкершілікке баулу.			
Пәнаралық байланыс	Дүниетану.			
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ынталандыру	Ресурс
Басы	1. Психологиялық дайындық Біз балдырған баламыз, Шырқап әнге саламыз. Туған елдің төсінде, Алау болып жанамыз. 2. Суреттер таңдау арқылы топқа біріктіру. Тиін, инелік, жаңғақ, саңырауқұлақ.	Тақпақты дауыстап, хормен айтып, қимылдар жасайды. Сурет таңдайды		Тиін, инелік, жаңғақ, саңырауқұлақ суреттері
Ортасы	Жұмбақ жасыру Жіп-жіңішке инедей, Екі көзі түймедей. Тікұшаққа ұқсайды, Бірақ биік ұшпайды. (инелік) Мен еңбекті сүйемін, Жаңғағымды үйемін. (тиін) 1-жаттығу Мәтінмен жұмыс 1. Мәтінді оқимын 2. Жеке оқушыға оқытамын 3. Тізбектей оқытамын 4. Сөздіктермен жұмыс Қиын сөздердің мағынасын түсіндіру. 5. Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақ қоямын. - Бұл мәтін бе, өлең бе? (дәлелдеп мәтін мен өлеңнің айырмашылығын табады) «Қадам жаса» әдісі Табаң іздерін баса алға жүріп, мәтіндегі қимылды білдіретін сөздерді табады. Дәптермен жұмыс Оқушыны дұрыс отырғызу, дәптерді көлбеу орналастырып, жазу кезінде қаламды дұрыс ұстап, сауатты, әдемі жазуға қалыптастыру. Сергіту сәті Мен тиінмін, тиінмін,	Жұмбақты шешеді Мәтінді оқиды, сұраққа жауап береді Заттың қимылын білдіретін сөздерді айтады. Көркем жазу Тиін, инелік сөздерін жазу. 	ҚБ «Отшашу» арқылы бірін-бірі бағалау. «Басбармақ» арқылы бірін-бірі бағалау. «Шапалақ» арқылы бірін-бірі бағалау.	Жұмбақтар Мәтін 







	<p>Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнің. 2-жаттығу. Ребусты шешеді</p>  <p>3-жаттығу. Көркем жазу</p>	<p>Қимыл жаттығуларын жасайды. Шешуі: Инелік Инелік сөзін қатыстырып, сөйлем құрайды.</p>	<p>«Шапалақ» арқылы бірін-бірі бағалау. «Отшашу» арқылы бірін-бірі бағалау.</p>	<p>Ребус</p> 
	<p>Топпен жұмыс «Пазл» әдісі Әр топқа пазл таратылып беріледі. Суретті құрастырып, оқиғаны баяндайды.</p>	<p>Сөйлемдерді көркем етіп көшіреді. Пазл құрастырады.</p>		
Соңы	<p>«Сен білесің бе?» Тиін туралы қызықты мәліметтер айту. Тиін-керемет бағбан. Тиін өзінің тығып қойған дәндерін ұмыт қалдырғандықтан мыңдаған теректердің өсуіне себепкер болады.</p>	<p>Ғаламтордан қызықты мәліметтер іздестіреді</p>		Бейнежазба көру
Кері байланыс	<p>«Ақылды үкі» әдісі</p>	<p>Түсіну деңгейіне қарай кіркыстырғыш қыстырады.</p>		Кіркыстырғыштар

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ЖАНА МА?


*ИСКАКОВА Мөлдір Ертайқызы,
Әйтеке би атындағы № 26 жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан қаласы*



Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	<p>4.3.4.1 Кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету; 4.1.2.2 Алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну.</p>			
Сабақтың мақсаты	Пайдалы қазбалар жанғыш деп аталатынын, қалай пайда болатынын, пайдасын білу.			
Құндылық	Сүйіспеншілік.			
Қасиет	Қамқорлық, жанашырлық, отансүйгіштікке баулу.			
Пәнаралық байланыс	Өзін-өзі тану.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру 3 минут	<p>Психологиялық дайындық Шаттық шеңбері Күлім қағып қолымды, 1-2-3 деп соғайын. Қарап тұрған көршіме, Қолымды мен бұлғайын. Жылы-жылы жүзбенен, Мандайынан сипайын. Жылы-жылы сөзбенен, Жүрегімді сыйлайын. Ыстық алақаныммен, Қолыңды бер қысайын. Амандасып өзіңмен, Құшақтап бір алайын. Үй жұмысы:</p>	<p>Шаттық шеңберін жасайды.</p> <p>Үй тапсырмасын айтады</p>	<p>Мадақтау</p> <p>ҚБ: Дескриптор:</p>	<p>Суреттер</p> <p>АКТ оқулық</p>

<p>Өткен білімді еске түсіру 10 минут</p>	<p>Алтын. Алтыннан не жасайды? Өткенді пысықтау «Жедел жауап» сұрақ-жауап 1. Пайдалы қазбалар деген не? 2. Пайдалы қазбаларды не үшін пайдаланады? 3. Табиғат ресурстарын қайдан алады? 4. Кен дегеніміз не? 5. Пайдалы қазбаларды қандай әдіспен өндіреді? 6. Жер қыртысы деген не? 7. Тау жыныстары қандай болады? Жаңа тақырып Фото суреттерге қара. Олардың әрқайсысында не бейнеленген?</p> 	<p>Сұрақтарға жауап береді. 1. Жер қыртысынан алатын табиғи ресурстар. 2. Адам өміріне қажетті болған соң. 3. Оларды жер асты мен су ішінен, жер бетінен алады. 4. Жер қабығындағы пайдалы қазбалардың жиынтығы. 5. Жердің беткі қатты қабаты. 6. Жердің беткі қатты қабаты. 7. Қатты, сұйық, борпылдақ болады.</p>	<p>Сұрақтарға жауап бере алады. Дескриптор: 1. Пайдалы қазбалар жанғыш деп аталатынын біледі. 2. Жанғыш пайдалы қазбалардың пайдасын біледі. Көмір, мұнай, газ өндіретін елдерді анықтайды, шартты белгілерді картадан көреді.</p>	<p>АКТ оқулық Суреттер</p>
<p>Жаңа білім 20 минут</p>	<p>Бұл ресурстардың ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар? Тірек сөздер: (Суреттегі атауларды үш тілде айтқызу) Мұнай, нефть, oil. Газ, газ, gas. Көмір, уголь, coal. Шартты белгілер: </p>	<p>Мұнай Газ. Көмір</p>	<p>Қ.Б. Алтын, күміс</p>	<p>Шартты белгілер</p>
<p>Сергіту жаттығу 3 минут 2 минут</p>	<p>Бейнебаян  3-тапсырма. Жұптық жұмыс «Семантикалық карта»</p> 	<p>Мұнай Газ. Көмір Жанғыш пайдалы қазбалар</p>	<p>Дескриптор: - пайдалы қазбаның түрін ажыратады; - пайдалы қазбаның физикалық қасиетін анықтайды; - өндірістік саласын жазады. ҚБ: </p>	<p>АКТ Пайдалы қазбалар картасы</p>
<p>5 минут</p>	<p>4-тапсырма. «Еркін микрофон» әдісі (Әр топқа сұрақтар қояды) 1-топ 2-топқа 2-топ 3-топқа 3-топ 4-топқа 4-топ 1-топқа Алтын, күміс</p>	<p>Кесте сызып, толтырады</p>	<p>Пайдалы қазбаларды ағайды, біледі</p>	<p>АКТ Оқулық Суреттер</p>
<p>Бекіту</p>	<p></p>	<p>Топтастыру жасайды</p>	<p>Дискриптор: Жанғыш пайдалы қазбаларды ағайды, пайдасын біледі</p>	<p>Кесте Көмір Шыны Стакан Парақтар Суреттер</p>
<p>Кері байланыс 2 минут</p>	<p>Көз, құлақ, жүрек Көзбен көргенін, құлақпен естігенін, жүрекпен сезінгенін жазу. Үй тапсырмасы Пайдалы қазбалардың шартты белгілерін салып келу.</p>	<p>Сұрақтарға жылдам жауап береді</p> <p>Сұрақтарды оқиды. Қандай жанғыш пайдалы қазба екенін анықтайды. Семантикалық картаны толтырады</p> <p>Өзін-өзі бағалайды</p> <p>Кері байланыс Көзбен көргенін, құлақпен естігенін, жүрекпен сезінгенін жазады.</p>	<p>ҚБ: Алтын, күміс</p> <p>Микрофон арқылы кері байланыс береді</p>	<p>Семантикалық карта Бағдаршам</p> <p>Суреттер Семантикалық карта Бағдаршам</p> <p>Суреттер Микрофон</p> <p>Кері байланыс парағы</p>

АРИФМЕТИЧЕСКАЯ И ГЕОМЕТРИЧЕСКАЯ ПРОГРЕССИИ



КАЛМАТАЕВ Мадихан Бахытжанович,
ТОО «Даражол» лицей-интернатының
алгебра пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Кентау қаласы

